



БЕКІТЕМІН

№4 "Болашақ" ОММЛИ КММ

басшысы

Г. Турганбаева

2025ж.

**Ақмола облысы білім басқармасының "Степногорск қаласы,
№ 4 "Болашақ" облыстық мамандандырылған
мектеп-лицей-интернаты" КММ 8-10 сынып оқушыларын қабылдау
бойынша конкурс өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

Ақмола облысы білім басқармасының "Степногорск қаласы, № 4 "Болашақ" облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты" КММ қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады ("Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 12-бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары 2018 жылғы қазан № 564", "Ақмола облысы білім басқармасының" Степногорск қаласы" №4 "Болашақ" облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты" КММ Жарғысы).

2. Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және өткізу

2.1 Балаларды бос орындарға қабылдау бойынша конкурс өткізу үшін 8-10 сыныптарда қабылдау комиссиясы құрылады.

2.2. Конкурсқа қатысу үшін қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілдерінен өтініш;
- 2) ЖСН көрсетілген үміткердің жеке куәлігінің, туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- 3) үміткердің оқу орнынан фотосуреті бар, ұйымның мөрімен расталған анықтама;
- 4) үміткердің фотосуреті
- 5) Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататынын растайтын құжаттардың көшірмелері
- 6) Үміткердің оқу жетістіктерін растайтын дипломдары мен сертификаттарының көшірмелері, білім беру ұйымдарының мөрімен расталған (Қазақстан Республикасы БҒМ-нің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығына сәйкес).
- 7) үлгерім табельдерінің көшірмелері, негізгі орта білім туралы аттестаттың көшірмесі.

Қабылданатын білім алушылардың жалпы санынан 15% мөлшерінде іріктелетін халықтың әлеуметтік осал топтарына;

- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын ауылдық жерден шыққан отбасының балалары;
- ата-аналарының біреуі бірінші топтағы мүгедектігі бар отбасының балалары;
- мүгедек баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған отбасылар;
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- отбасыларда тұратын жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан балалар;
- аналары "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы отбасылардан шыққан балалар;
- экологиялық зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан тұрғын үйінен айырылған отбасыларының;
- мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті атқарған кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуға дайындалу немесе жүзеге асыру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасыларының балалары жатады.

2.3. Ақмола облысы білім басқармасының "Степногорск қаласы, № 4 "Болашақ" облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты" КММ оқуға конкурстық іріктеуден өтуге құжаттарды қабылдау 2025 жылғы 1 мамырдан 8 маусымға дейін жүзеге асырылады.

2.4. Өтінішті белгіленген мерзімнен кейін беруге жол берілмейді.

2.5. Конкурстық іріктеу жүзеге асырылады:

8-10 сыныптар үшін - 11 маусым 2025 жыл;

2.6. 2025–2026 оқу жылына арналған 8–10 сыныптардағы бос орындар саны 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша қалыптастырылады.

3. 8-10 сыныптарға оқушыларды қабылдау бойынша конкурс өткізу:

3.1. Конкурсты өткізу үшін басшының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады.

3.2. Түсу емтихандары бес пән бойынша өткізіледі:

Міндетті: Қазақстан тарихы, математика, қазақ (орыс) тілі;

Таңдау бойынша екі пән: физика, химия, биология, география.

3.3. Емтихан нәтижелері бойынша жоғары балл - 100 (әр пән бойынша 20 сұрақ).

Емтихан нәтижелері бойынша өту балы:

8-сынып үшін – 60 балл;

9 сынып үшін – 70 балл;

10 сынып үшін – 80 балл.

3.4. Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша Апелляция өткізілмейді

3.5. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді.

- 3.6. Тестілеуге бөлінген уақыт 180 минутты құрайды. Тест материалдарын таратуға және мінез-құлық ережелерін түсіндіруге бөлінген уақыт тестілеудің жалпы уақытына кірмейді.
- 3.7. Конкурстық іріктеу нәтижелерімен ата аналар мектеп сайтында танысады.
- 3.8. Балдар тең болған жағдайда ауылдық жерлерден үміткерлер, жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық және аудандық олимпиадалардың жүлдегерлері басым құқыққа ие болады.
- 3.9. Конкурс нәтижелері бойынша қабылдау комиссиясы басшыға өту балын жинаған оқушылардың тізімін жібереді.
- 3.10. Ақмола облысы білім басқармасының "Степногорск қаласы, № 4 "Болашақ" облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты" КММ 8-10 сынып оқушыларын қабылдау конкурс нәтижелері бойынша басшының бұйрығымен жинаған балдарының сомасы негізінде жүзеге асырылады.